

Алматы қалалық Қалақұрылысы комиссиясы туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы Әкімшілігінің 2003 жылғы 17 сәуірдегі N 1/228 қаулысы. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2003 жылғы 8 мамырда N 530 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы Әкімшілігінің 2005 жылғы 12 сәуірдегі N 2/211 қаулысымен

Ескерту: Күші жойылды - Алматы қаласы Әкімшілігінің 2005 жылғы 12 сәуірдегі N 2/211 қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 24 қаңтардағы "Жер туралы" Заңының және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Заңының қабылдануына байланысты, өкілетті мемлекеттік органдардың жерге арналған тиісті құқықтарды беру мәселесі бойынша қызметін үйлестіру мақсатында Алматы қалалық Әкімшілігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қалалық Қалақұрылысы комиссиясы құрылсын.

2 . Б е к і т і л с і н :

1) Алматы қалалық Қалақұрылысы комиссиясы туралы Ереже (N 1 қосымша);

2) Алматы қалалық Қалақұрылысы комиссиясының құрамы (N 2 қосымша);

3) Алматы қалалық Қалақұрылысы комиссиясы жұмыс органының құрамы (N 3 қ о с ы м ш а)

4) Алматы қалалық Қалақұрылысы комиссиясы қорытындыларының, нысанды жобалауға және салуға арналған жер учаскесін таңдау және келісу, жер учаскесін мақсатты пайдаланудың өзгеруінің және жер учаскіне арналған құқықтарды рәсімдеу актілерінің түрлері (N 4, N 5 қосымшалар).

3. Алматы қаласы Әкімінің 1998 жылғы 17 қыркүйектегі "Қала құрылысы және жерді пайдалану бойынша комиссиясы туралы" N 892 шешімнің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

А л м а т ы қ а л а с ы н ы ң

Әкімі

Әкімшілік хатшысы

Алматы
2003

қаласы
ж .

" 1 7 "

Әкімшілігінің
сәуірдегі

**Алматы қалалық Қала құрылысының
комиссиясы туралы**

ЕРЕЖЕ 1 тарау. Жалпы ережелер

1. Алматы қалалық Қала құрылысы комиссиясы (бұдан әрі мәтін бойынша " Комиссия") Алматы қаласындағы сұраған жер учаскесі бойынша құқық беру немесе одан бас тарту жөніндегі қорытындыны беру мақсатында құрылады.

2. Комиссия өз қызметі барысында Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңдарды және осы Ережені басшылыққа алады.

2 тарау. Комиссияның құрамы

3. Комиссия Алматы қалалық жергілікті атқару органының шешімімен құрылады .

Комиссия құрамына комиссия төрағасы, оның орынбасары және 5 (бес) адамнан тұратын комиссия мүшелері кіреді.

Комиссияның төрағасы Алматы қаласының Әкімі болып табылады.

4. Комиссия жер учаскені келістіру және таңдау актісі (бұдан әрі мәтін бойынша - "Таңдау актісі") негізінде қорытынды шығарады.

5. Таңдау актісі сәулет және қала құрылысы, көріктендіру, жол полициясы, санитарлық-эпидемиологиялық бақылау, өрт қауіпсіздігі, экология және биоресурстар және су ресурстары басқармалары жергілікті органдары, жер ресурстары жөніндегі аумақтық орган мамандарының қатысуымен жинақталып, олар комиссияның жұмысшы органын құрайды.

Жұмысшы органды қала құрылысы жұмыстарына жетекшілік ететін Алматы қаласы Әкімінің орынбасары басқарады.

Комиссия жұмысшы органы өз мәжілісін аптасына бір рет өткізеді.

3 тарау. Комиссияның жұмысшы органының қызметі

6. Комиссияның жұмысшы органы Алматы қалалық Жер ресурстарын басқару комитетіне және Сәулет және құрылысы департаментіне (бұдан әрі - " Қалалық жер комитеті", "СжҚҚД") жер учаскесін мақсатты пайдалану жөніндегі өтінішінің мүмкіншілігі туралы берген ұсыныстарын қарайды.

Қажет болған жағдайда, жұмысшы органының маманы осы учаске бойынша материалдарды қарау үшін 7 күн ішінде сұраған жер учаскесіне барып, Таңдау

актіні келістіреді немесе өтініш берген мақсатта учаскені пайдалануға болмайтыны жайлы жазбаша түрде қорытындысын береді.

7. Жұмысшы органының төрағасы, комиссияның жұмысшы органына кіретін барлық мамандардың өкілеттігінің дұрыс пайдаланылуын қадағалайды.

4 тарау. Комиссияның қызмет міндетінің құқықтары

8. Комиссия жұмысшы орган берген Таңдау актісі негізінде сұраған жер учаскені өтініш берген мақсатта пайдалануға мүмкіншілігі бар немесе жоқ деп өзінің қорытындысын ресімдейді.

9. Өз қорытындысын беру туралы шешімді қабылдау үшін комиссия мүдделі ұйымдарда қосымша ақпарат алуға құқығы бар.

10. Комиссия қорытындысын ресімдеу мерзімі 7 күн.

5 тарау. Комиссия төрағасының өкілеттігі

11. Комиссия төрағасы:

- 1) комиссия қызметіне басшылық жасайды;
- 2) комиссияның мәжілісін жүргізеді;
- 3) комиссияның қорытындысына қол қояды.

6 тарау. ©Қорытынды ережелер

12. Жер учаскесін өтініш берген мақсатқа сай беру үшін комиссия қорытындысы жергілікті атқарушы органның шешімінің жобасын әзірлеу үшін сәулет және қала құрылысы департаментіне жіберіледі.

Әкімшілік хатшысы

Алматы қаласы Әкімшілігінің
2003 ж. "17" сәуірдегі
"Алматы қалалық Қала құрылысы
комиссиясы туралы" N 1/228
қаулысына N 2 қосымша

**Алматы қалалық ©Қала құрылысы
комиссиясы құрамы**

Виктор Вячеславович
Храпунов

Комиссия төрағасы,
Алматы қаласының Әкімі

Яков Игнатъевич Заяц Комиссия төрағасының
орынбасары, Алматы
қаласының Әкімінің бірінші
орынбасары

Тілектес Исабайұлы Алматы қалалық
Есболов Мәслихатының депутаты

Сұлтан©Қабиұлы Сәулет және қала құрылысы
Баймағамбетов департаментінің бастығы

Абай Есболұлы Алматы қалалық жер
Сапаров ресурстарын басқару
 жөніндегі комитеттің
 төрағасы

Алматы қаласы Әкімшілігінің
2003 ж. "17" сәуірдегі
"Алматы қалалық Қала құрылысы
комиссиясы туралы" N 1/228
қаулысына N 3 қосымша

**Алматы қалалық Қала құрылысы комиссиясы
жұмысшы органының құрамы**

1. Яков Игнатъевич Алматы қалалық©Қала
Заяц құрылысы комиссиясы жұмысшы
 органының төрағасы, Алматы
 қаласы Әкімінің бірінші
 орынбасары

2. Шәміл Еркебұланұлы Төрағаның орынбасары,
Нысанбаев Алматы қалалық сәулет және
 қала құрылысы департаменті
 бастығының бірінші
 орынбасары

3. Балтабай Көріктендіру
Мәуленжанұлы Ташбаев департаментінің Директоры

4. Вячеслав Павлович Алматы қалалық сәулет және
Кулькин қала құрылысы
департаментінің бас
инженері, Алматы қалалық
сәулет және қала құрылысы
департаменті бастығының
орынбасары
5. Ермек Бердібекұлы Алматы қалалық ішкі істер
Құсайынов бас басқармасының жол
полициясы басқармасы, жол
инспекциясы бөлімінің
бастығы
6. Василий Эрихович қалалық санитарлық-
Ренкевич эпидемиологиялық
басқарманың бөлім
менгерушісі
7. Берік Сатымбекұлы қалалық өртке қарсы
Құтпанов қызметінің бастығы
8. Галина Михайловна Алматы қалалық қоршаған
Телелькова ортаны қорғау басқармасы
экологиялық сараптама және
аудит бөлімінің бастығы
9. Эдуард Кенжебекұлы Балқаш-Алакөл су-бассейні
Мұхамедов басқармасының бастығы
10. Асылмұрат Алматы қалалық Жер
Тұрғанбекұлы ресурстарын басқару
Тұрғанбеков аумақтық комитеті
бастығының орынбасары

Ескерту: Комиссия жұмысының қажеттілігі бойынша қаланың басқа да қызметтері де қатыстырылады .